Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология және әлем тілдері факультетінің «6D020700–Аударма ісі» мамандығының докторанты Жапарова Асемжанның философия ғылымдарының (PhD) докторы дәрежесін алу үшін дайындалған «Абай поэзиясындағы метафора және оның орыс, ағылшын тілдеріндегі аудармалары:салыстырмалы талдау» атты диссертациялық жұмысына отандық кеңесші

ПІКІРІ

Жапарова Асемжанның диссертациялық жұмысының тақырыбы аударматану ғылымы, көркем аударма теориясы мен практикасы тұрғысынан өзекті болып табылады. Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың поэзиясында ерекше орын алатын көркем метафоралар бұрын соңды зерттелгенімен де, олардың өзге тілдердегі аудармасы, түпнұсқаға сәйкестік мәселесі қазақ аударматануында арнайы қарастырылмай келеді. Осы тұрғыдан да, зерттеу тақырыбының өзектілігі арта түседі. Диссертант метафораның көркемдік қызметі мен жіктелуі, сондай-ақ, метафоралардың аударылу ерекшелігі туралы отандық және шетелдік зерттеуші ғалымдардың тұжырымдарына сүйене отырып, өзінің зерттеу нысанын жан-жақты, тереңінен қарастырады.

Диссертация құрылымы кіріспе, үш бөлімнен, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады, бөлімдер тақырыптық тарауларға бөлінген.

«Метафора поэтикалық категория және аударматану нысаны ретінде» деген бірінші тарауда метафораның зерттелу тарихы, осы троптың қазақстандық, ресейлік, әлемдік әдебиеттанудағы, тіл біліміндегі зерттеу дәрежесі анықталады. Метафора поэтикалық жүйенің құрылымдық элементі ретінде талданады, метафораның жіктелуі мен негізгі қызметтері анықталады, сондай-ақ осы троптың аударматану ғылымында зерттелуі және оны аударудың негізгі әдістері түсіндіріледі.

«Абай поэзиясындағы метафоралардың ерекшелігі және мәтінді аудару алдындағы талдау» атты екінші тарауда Абай метафораларының зерттеу тарихы, ақынның дәстүрлі метафорлары, қазақ ақынының авторлық метафорлары, Абайдың метафораларының көркемдік қызметіне арнайы тоқталады.

«Абай поэзиясындағы метафораның орыс, ағылшын тілдеріндегі аудармаларын салыстырмалы талдау» деген үшінші тарауда Абайдың өлеңдерінің орыс тіліндегі аудармалары, ақын өлеңдерінің алғашқы тәржіма нұсқалары, оның ішінде Вс.Рождественский жасаған тәржіма нұсқалары қарастырылады. «Абайдың 37 өлеңі» жинағында жарық көрген аударма нұсқаларға талдау жасалады. Абай метафораларының ағылшын тіліндегі аудармаларына салғастырмалы-семантикалық талдау жүргізіледі. Ақын метафораларын аудару кезінде қолданған әдістер кесте түрінде көрсетіліп,

жан-жақты талданады. Абай өлеңдері аудармасындағы метафоралық трансформация түрлері анықталады.

А.Жапарова Абай Құнанбаев өлеңдерінің және ондағы метафоралардың орыс, ағылшын тіліндегі аудармаларын жіті қарастырып, сәйкестік тұрғысынан бағалайды. Аударма теориясындағы концепцияларға сүйене отырып, өзіндік тұжырымдар жасайды.Зерттеу жұмысының жекелеген тұжырымдары отандық және шетелдік ғылыми журналдарда, сонымен бірге, халықаралық және республикалық конференция материалдарында жарияланған.

Докторанттың зерттеу жұмысының құрылымы мен мазмұнында жүйелілік пен сабақтастық қағидалары сақталған. Ізденуші зерттеу әдісі ретінде жаппай іріктеу әдісі, семантикалық және мәнмәтінді талдау, түпнұсқа мен аударманы салыстырмалы-салғастырмалы талдау және басқа әдістерді қолданған.

Жалпы алғанда, А.Жапарованың «6D020700-Аударма ісі» мамандығы бойынша PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін орындалған «Абай поэзиясындағы метафора және оның орыс, ағылшын тілдеріндегі аудармалары:салыстырмалы талдау» атты зерттеуі диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді, диссертациялық жұмыс толық аяқталған. Сондықтан А.Жапаровның ғылыми жұмысын философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға жіберуге лайық деп санаймын.

Отандық ғылыми кеңесші, ф.ғ.д.,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры **Ж.Дәдебаев**

РАСТАЙМЫН
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми кадрлар
даярлау және аттестаттау басқармасының
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и атте
научных кадров КазНУ им. аль-Фараби
Р.Е. Кудайбергенова
«_____» _____ 20____ж.г.